

Қ.А Ясауи атындағы қазақ түрік халықаралық  
университеті

# СӨЖ

Тақырыбы: Селжүк мемлекеті.

Орындаған:

Тобы:

Қабылдаған:

Түркістан 2015

# Жоспар:

Кіріспе:

Негізгі бөлім:

1 Салжұқ мемлекеті

2 Салжұқ әулеті

3 Салжұқтар

Қорытынды:

Қолданылған әдебиетер:

**Салжұқ мемлекеті** - түрік оғаздардың үрім бұтағынан таралып, Салжұқ есімді басшыларының есімімен аталған, сондай-ақ салжұқ мұсылман әулетінен құрылған мемлекет.

## Салжұқ мемлекеті

XI ғасырдағы 30 жылдары Салжұқтар Ғазнауи мемлекетінен васалдық жағдайда Хорасаннан жер алды. Кейінен Ғазнауилерге қарсы шығып, 1040 жылы Данденакан түбіндегі ұрысқа жеңіске жетті. Сұлтан лауызымын қабылдаған Тоғрұлбек (1038-1063 жылдары) тұсында Салжұқтар Хорезм, Иран, Әзірбайжан, Курдистан, Иракты жаулап алып, 1055 жылы Бағдадқа басып кірді. Тұрұлбек мемлекетінің астанасы Рей қаласы ағасы Чағрыбек иеліктірінің орталығы Мерв болды. Алп-Арслан тұсында (1063-1072 жылдар) Арменияны жаулап алып (1064 жылы), Манцикерт түбінде Византия әскерлерін жеңді (1071 жылы). 1071 жылы және 1081 жылы аралығында Кіші Азия және басқада жерлерді жаулап алды.

Сұлтан Мәлік шаһтың (1072-1092 жылдары) тусында Грузия мен Орта Азиядағы Қарахан мемлекетін бағындырды. Салжұқ мемлекеті саяси жағынан мықтап күшейді. Сонымен Мәлік шаһ тусында Салжұқ мемлекетінің шекарасы Сырдариядан Нілге дейін, Каспийден Жерорта теңіз]]іне дейін созылды. Мемлекет астанасы Исфаһан қаласы болды. Көшпелі оғыз және басқа да түркі тайпаларының әскери шонжарлары мен ақсүйектері байтақ территорияларын иемдеу құқығын алып, орталық өкімет билігінен тәуелсіз болуға ұмтылды. Сұлтандар ішкі саясатта күшті сұлтан өкіметінің билігіне мүдделі болған Иран ақсүйектеріне ие артты. Бұл топтың мүддесін көздеуші Низам әл-Мүлк болды

Салжұқ әулеті - (1038-1194 жылдары) оғыз тайпаларының ақсүйек тұқымынан шыққан әулет. Олардың әуелі бастағы ата мекені Сырдарияның орта саласы (Оңтүстік Қазақстан) болған. Одан кейін салжұқ тайпалары Сығанақ пен Қаратауда мекендеген. Олардың негізгі кәсібі мал шаруашылық болған. Бірақ Салжұқ мемлекетіндегі бытыранқылық тоқтаған жоқ. Мәлік шаһ тұсындағы Салжұқ әулетінің үрім-бұтағы билеген Керман (1041-1187 жылдары), Рум (Кіші Азияда 1077-1307 жылдары), Сирия (1094-1117 жылдары) сұлтандықтары құрылды. Бірінші крест жорығынан кейін салжұқтар Палестинадан, кейін Сириядан, Грузиядан, Азияның кейбір елдерінен айырылды.

Мәлік шаһтың өлімінен кейін ішкі тартыстар исмаилшылдар қозғалысына байланысты. 1118 жылы Салжұқ мемлекетін Мәлік шаһтың балалары бірнеше иеліктерге бөліп алды. Олар төменгідей: Санжарға – астанасы Мерв қаласы болған шығыс облыстары, Махмұдқа – Батыс Иран мен Ирак, (Ирак салжұқ сұлтандығы 1118-1194 жылдары) тиді. Санжар (1118-1154 жылдары) дербестікке ұмытылған ақсүйектермен күрес жүргізді. Бірақ 1141 жылы қарақытайлардан жеңіліс тауып Орта Азиядағы биілігінен айырылды. 1153 жылы оғыздар Хорасанның Мерв, Нишапур, Тус тағы басқа қалаларын басып алды. 1157 жылы Санжар өлімінен кейін Хорасадығы ұлы Салжұқ өкіметі өмір сүруін тоқтатты. Хорасан, Керман және батыс Иран арасындағы отыз жылдық өзара тартыстан кейін хорезмшаһ үстемдік алды. Тек Коний сұлтандық сақталып қалды.





## Салжұқтар

Салжұқтар – көшпелі түрік оғыз ордаларының бірі.

Қолбасшысы салжұқ есімімен сондай-ақ олар құрған әулеттің аталуына байланысты аталды. құрамына қынық тайпасы басшылығымен әр түрлі оғыз тайпаларының бөлігі енді.

Салжұқтар Женттіде мекендеп кейін (985 жылы шамалы)

Нұрата тау маңында қоныс аударды. 1038 жылы Салжұқ

Нишапур қаласынан кейін Хорасанды (1040 жылы) жаулап

алды. Осы кезден бастап Салжұқтың саяси тарихы Салжұқ

мемлекетті тарихмен тығыз байланысты болды. XI-XIII

ғасырларда басқа да оғыз ордаларымен

және Иран, Әзірбайжан, Кіші Азияның байрығы араласып,

түркімен, Әзірбайжан, және түрік халықтарының

қалыптасуына ықпал болды

Селжұқтардың Кіші Азияға келуі және Рум (Конья) сұлтанының пайда болуы және даму кезеңі XI –

XIII ғасырлар аралығын қамтиды. Себебі: XIII ғасыр Орталық Азияға Монғол жаугершілігінің өрлеу мен одан кейін Осман империясының қалыптасуы түрік – селжұқ атауын және өзіндің тарихын басқа арнаға бұрады.

Алғашқы

орыс византиятанушының бірі, Петербург университетінің профессоры В.Г. Васильевский (1838 – 99)

«Византийский временник» журналының редакторы боп жүрген кезде түрік – селжұқ (Рум сұлтанының) мемлекетінің Византия территориясында қалыптасуын Орта азиядан шыққан түркі халықтарының әскери өнерді жете меңгерген және феодалдық тәртіптің күштілігімен байланыстырады десе, Мәскеу университетінің оқытушысы П.Н.Кудрявцев (1816 – 1858) түрік – селжұқтардың Кіші Азияға келуі Византия империясының өзара феодалдық қырқыстар мен билікке талас әсерінен әлсіреу уақытына сәйкес келеді деп есептеді [5. 2].

Түрікмен ұлтының өкілі Ағаржанов С.Г. селжұқ тарихын зерттеуге зор үлес қосты.

Одан басқа Азербайджан ғалымы Гусейнов, тарихшысы Мехмет Алтай Коймен т.б. тарихшылар зерттеді.

Ұзақ уақыт бойы селжұқ тарихы ғалымдардың назарынан тыс қалып келеді. Бұл мәселе алғаш рет XIX – XX ғасырлар шегінде қолға алына бастады.

Біз қарастырған жоғарғы оқу орынына арналған оқулықтар немесе мектеп оқулықтарында Түрік-селжұқтардың Кіші Азияда өз мемлекетін қалыптастыруы бір жақты ғана көрсетіледі. Түрік-селжұқтардың крестілермен қақтығыстары өте үстіртін, салғырт түрде берілген. Кеңес үкіметі тұсында шыққан «Орта ғасырлар тарихы» (мектеп оқулығы) селжұқтардың Герман-Франк біріккен қолын Кіші Азияда тасталқан еткендігі жөнінде (II крестілер жорығы) ештеңе айтпайды. [4, 12] Бұған себеп біріншіден - ғасырлар бойы өзара жауласқан Батыс мемлекеттері үшін Византия территориясында мұсылман мемлекетінің қалыптасуы қауіпті де, қатерлі де болып саналады.

Екіншіден Шығыс пен Батысты жалғастырған Жібек жолы бойындағы селжүк мемлекеті Еуропа экономикасына сауда қатынасының үзілуіне байланысты кері әсерін тигізетін.

Үшіншіден - Рим Католик шіркеуі мен Константинополь православие шіркеуі арасындағы бәсекелестікке байланысты Рим Папасы қандай жолмен болсын Константинополь патриархын өзіне қаратуды мақсат еткен еді.

Төртіншіден – түрік әскерінің Балқан түбегінде славян жерлерін өзіне қаратуы Розсип тарихшыларының түріктерге деген кері көзқарамы етті. Еуропалықтарға мұсылман әлемін бағындыруға болмағандықтан Діні бөлек мәнғолдарды миссионер – елшілер арқылы өздеріне тартпақ болды.

Қолданылған әдебиетер:

1. Жоғарыға көтеріліңіз “Қазақ Совет Энциклопедиясы”, II том
2. Жоғарыға көтеріліңіз История Ирана с древнейших времен до конца XVIII в; Москва, 1958 ж.
3. Жоғарыға көтеріліңіз Бортальд В.В Место прикаспийских областей в истории мусульманского мира. Баку. 1925 ж.
4. Жоғарыға көтеріліңіз Гусейнов Р.А. Селдьжуская военное организация. «Палестинской сборник» 1967 ж.
5. Жоғарыға көтеріліңіз Заходер Б.Н Хорасан и образование государства сельджуков. «Вопросы истории», 1945 ж.